

Саран қаласында жастар тәжірибесін ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 29 наурыздағы N 11/02 қаулысы. Қарағанды облысы Саран қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 24 сәуірде N 8-7-134 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі N 36/12 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің 26.09.2013 N 36/12 қаулысымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 316 "Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Саран қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. алынып тасталды - Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің 2012.06.14 N 21/15 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Жұмыспен қамту бөлімі) және "Саран қаласының жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Жұмыспен қамту орталығы):

1) жұмыспен қамту бөлімінде және жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген, техникалық және кәсіптік білім беру орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының түлектері арасында жастар тәжірибесін жүргізу бойынша жұмысын ұйымдастырсын;

2) жұмыс берушілермен жастар тәжірибесін қаржыландыру туралы шарттар жасасын;

3) жастар тәжірибесіне қатысушылардың еңбек ақысы мемлекеттік бюджет есебінен 26 000 теңге мөлшерінде жүргізілсін.

Ескерту. 2 тармаққа өзгеріс енгізілді - Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің 2012.06.14 N 21/15 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Саран қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 27 мамырдағы N 01/01 "Саран қаласының жұмыссыз жастары үшін дипломнан кейінгі кәсіптік практика ұйымдастыру туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 8-7-107 болып тіркелген, қалалық "Саран газеті" N 15 (541) газетінде 2010 жылғы 25 маусымда жарияланған) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Саран қаласы әкімінің орынбасары Гүлмира Серікқызы Беделбаеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Саран қаласының әкімі

В. Иванов

С а р а н

қ а л а с ы

ә к і м д і г і н і н

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 9

н а у р ы з д а ғ ы

N

1 1 / 0 2

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Жастар тәжірибесін ұйымдастыратын Саран қаласының кәсіпорындары, ұйымдары, мекемелерінің тізімі

| N | Кәсіпорындар, ұйымдар мен, мекемелердің атауы | Кәсібі (мамандығы) | Жұмыс орындарының саны (адам) | Ұзақтығы (ай) | Айлық жалақы мөлшері, теңге | Қаржыландыру көздері |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------|-------------------------------|---------------|-----------------------------|----------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | "Саран қаласының әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | экономист | 1 | 6 ай | 26 000 | Жергілікті бюджет |
| 2 | "Саран қаласының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі | экономист экономист | 1 1 | 6 ай 6 ай | 26 000 26 000 | Жергілікті бюджет |
| 3 | "Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі | экономист әлеуметтік жұмыскер | 1 1 | 6 ай 6 ай | 26 000 26 000 | Жергілікті бюджет |
| 4 | "Саран қаласы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі | экономист экономист | 1 1 | 6 ай 6 ай | 26 000 26 000 | Жергілікті бюджет |
| 5 | "Карат" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | экономист бухгалтер | 1 1 | 6 ай 6 ай | 26 000 26 000 | Жергілікті бюджет |
| 6 | "Абаттандыру" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | бухгалтер | 1 | 6 ай | 26 000 | Жергілікті бюджет |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------|--------|--------------|--------|----------------------|
| 7 | "Азия-Тех" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | техник-механик | 1 | 6 а й | 26 000 | Республикалық бюджет |
| 8 | "Домстрой - 2005" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | құрылыс учаскесінің мастері | 1 | 6 ай | 26 000 | Республикалық бюджет |
| 9 | "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Қарағанды облыстық филиалының Саран бөлімшесі | заңгер - экономист | 1 | 6 ай | 26 000 | Республикалық бюджет |
| 10 | "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот актілерін орындау бойынша комитетінің Қарағанды облысының Сот актілерін орындау бойынша департаменті" Мемлекеттік мекемесінің "Саран аймақтық бөлімі" филиалы | іс – жүргізуші | 1 | 6 ай | 26 000 | Республикалық бюджет |
| | | | 1 | 6 ай | 26 000 | |
| 11 | "Қазцентрэлектропровод" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | инженер бухгалтер | 1 | 6 ай | 26 000 | Республикалық бюджет |
| | | | 1 | 6 ай | 26 000 | |
| 12 | Саран қаласы әкімдігі Саран қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Саранкоммунсервис" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны | бухгалтер – экономист бухгалтер – кассир | 1 | 6 ай | 26 000 | Республикалық бюджет |
| | | | 1 | 6 ай | 26 000 | |
| 13 | "Загвоздкин и К" жеке кәсіпкер Журихина Татьяна Николаена | бухгалтер заңгер | 1 1 | 6 ай 5 ай | 26 000 | Республикалық бюджет |
| | Барлығы | | 21 | | | |